



БҰЙРЫҚ

«02» 05. 2023

ПРИКАЗ

№ 913

**«Әрбір бала мектепке лайықты»
жобасы аясында мектепке дейінгі
ұйымдарда инклюзияны
қолдау кабинеттерін ашу туралы**

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы №326 қаулысына, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына, Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ «Болашақ» корпоративтік қорының «Әрбір бала мектепке лайықты» жобасын іске асыру аясында және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзияны қолдау кабинеттерінің желісін ұлғайту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 2 мамырынан бастап Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында «Әрбір бала мектепке лайықты» жобасы енгізіліп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар 24 баланы қамтитын инклюзияны қолдау кабинеттері ашылсын және қажет мамандармен қамту, кабинеттерді жабдықтау жұмыстары басталсын.

2. Инклюзияны қолдау кабинеттері енгізілген мектепке дейінгі ұйымдардың тізімі 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тізімі мектепке дейінгі ұйым басшыларының бұйрығымен бекітіліп, қабылдансын.

4. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары экономика және жоспарлау бөлімімен бірлесіп «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес және «Болашақ» корпоративтік қорының «Әрбір бала мектепке лайықты» жобасын іске асыру

аясында қажетті психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асыру үшін штат кестесіне маман бірліктерін енгізсін.

5. Экономика және жоспарлау бөлімі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес азаматтық қызметшілерге мемлекеттік бюджеттен тиісті қосымша ақылар мен үстемақылар қарастырсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Білім басқармасы басшысының орынбасары С.Т.Адылбаевқа жүктеймін.

**Астана қаласы
Білім басқармасының
басшысы**



Қ. Сенғазиев

Астана қаласы
Білім басқармасы басшысының
2023 жылғы « 02 » 05
№ 913 бұйрығына
1-қосымша

**«Әрбір бала мектепке лайықты» жобасы аясында мектепке дейінгі
ұйымдарда инклюзияны қолдау кабинеттерін ашу бойынша
Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының
тізімі**

1. Астана қаласы әкімдігінің №54 «Нұр-Ай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
 2. Астана қаласы әкімдігінің №60 «Арай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
 3. Астана қаласы әкімдігінің №66 «Толағай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
 4. Астана қаласы әкімдігінің №95 «Алматы» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындағы «Тұрсын-Астана» шағын орталығы.
-